

ХАБАРЛАМА

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (Қоғам) осы арқылы өз акционерлеріне 2019 жылғы 30 мамыр күні сағат 11:00-ге (Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен) Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Е-10 көшесі, 17/12 үй, 3-қабат мекен-жайы бойынша Нұр-Сұлтан қаласында белгіленген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселені енгізгені туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 43-бабының 4-тармағына және Қоғам жарғысының 68-тармағына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ (2019 жылғы 15 мамырдағы № 06-2-08-06/3016), Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5% - дан (бес пайыздан) астамын дербес иеленетін акционер ретінде, күн тәртібіне «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру туралы» қосымша мәселені енгізеді.

Толықтырулар есебімен күн тәртібі:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының Төрағасы мен Хатшысын сайлау туралы.
2. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының дауыс беру түрін анықтау туралы.
3. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысында есеп комиссиясының мүшелерін сайлау туралы.
4. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
5. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық қаржылық (жеке және шоғырландырылған) есептілігін бекіту туралы.
6. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
7. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды 2018 жылы қараудың қорытындылары туралы ақпарат.
8. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің 2018 жылы төленген сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат.
9. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.
10. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.
11. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру туралы.